



КОНКУРС «Астана и Президент»

**Абдрахманова Кымбат,
Костанайский экономический колледж, студентка 2 курса**

«Жаңа Астана – тәуелсіз Қазақстан
үшін жарқын келешектің нышаны»

Н.Ә.Назарбаев.

Біз қазақ деген мал баққан елміз
Елімізден құт –береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөзді асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзын сақтай білген елміз.

Қазыбек атамыз айтпақшы, қазақ елі ежелден найзаның ұшымен, білектің күшімен осы ұлан-ғайыр, қасиетті қазақ жерін жаулардан азат етіп, келер ұрпаққа, яғни бізге аманат етіп табыстады.

Ата – бабамыз аманат етіп қалдырған қасиетті жерін қастерлеу, қадірлеу, Отанын сүйетін азаматтарына борыш, міндет. Қазақ елі, қазақ жері бай, салт-дәстүрді сақтап қалған, өнегелі, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп жүрген, қонағын Құдайдай сыйлаған, қызға ибалы, ұлға қайсар батырға тән мінезбен бойына тәрбие сіңірген қазақ халқының, қазақ елінің, қазақ жерінің ерекшелігі зор. Тарихқа бір сәт үңілсек, ата-бабамыздың басынан өтпеген қиыншылықтары да аз болмады. Осы қиыншылыққа қазақ халқы төзімділіктің, сабырлықтың, даналықтың, темірдей қайсарлықтың арқасында төтеп берді деп түсінемін. Табандылық пен жігерлілік - қазақ халқының әрбір ұлы мен қызына тән. Осындай қайсарлық президент Н.Ә.Назарбаевтың Ақмола қаласын Астана ету ұсынысында айқын көрініс тапты. Ақмоланы Астанаға ауыстыру, әрине оңай шаруа емес еді.

Дегенмен, елбасымыздың бір ауыз сөзі ешкімді бей-жай қалдырмады, халықты елең еткізді. Әрине, қатар жүрген

[Введите текст]

замандастарының ой-пікірлері әр қилы болды. Бірақ елдің болашағын алыстан болжайтын елбасымыздың ойында үлкен атқарылуы жағынан жауапкершілігі мол іс тұрды. Сол себептен елбасымыздың нұсқауы бойынша Қазақстанның біраз дерлік жерлері қаралды. 32 параметрлік талдау бойынша ең қолайлы, лайықты болып Ақмола болып табылды.

Бұл іс тек өзінің нақтылығымен ғана емес, оны жүзеге асыратын барлық жауапкершілікті, тәуекелшілікті, халық пен тарих алдында сенімділікті ұялататын саясаткерге де байланысты. Мұндай қасиеттер елбасымыздың бойынан табылды.

Елбасының халқым деп соққан жүрегі, халқының үмітін ақтау міндеті, халқының мұңын іштей түсінетін сезімі оны алға қарай жетеледі. Сөйтіп, Ақмола біртіндеп, еліміздің жүрегі ғажайып Астанаға айналды.

Астана мен Президент ұғымы егіз десекте болады. Себебі, қазіргі елордамыздың Астана болып қалыптасуына өз еңбегін сіңірген де президент. Астана - біздің бетке ұстар Елордамыз, мақтанышымыз, үмітіміз, болашағымыз. Елбасы көрегендігінің арқасында қазіргі Астана керегесі кең, терезесі тең, көкірегі биік, мерейі үстем жаңа Қазақстанның астанасына айналды. Астана бейне бір гүл сияқты. Алғашында гүлге көңіл бөлінбесе, ол солып, көркінен айырылып қалады. Гүлге сияқты Астанаға да көңіл бөлінгесін, ол көркейіп, көтеріліп, сұлу да әсем болып өсе бастады. Жасыл жапырақтары мен әсем шоқ гүлдері құлпырып шыға бастады. Әдемі көркімен қасындағылардың назарын өзіне аудара бастады. Адамдар болса әдемі гүлдің әсем көркіне сүйсіне қарады, оған қызықты, тамсана қарады. Иә, гүл қалам жас та болса да , өзінің сұлу да әсем көркімен, болашаққа деген үлкен сенімімен, адамдарды өзіне тарту қасиетімен, салт-дәстүрге беріктігімен, үлкен бір мемлекеттің үмітімен, бір ұлттың ғана емес, 130 астам ұлттың сүйіспеншілігіне бөленген осы бір гүл, жауқазындай құлпырып, аспанға шарықтай өсе келеді. Ол гүл - менің сүйікті Астанам!

Тамаша тұрғын үй кешендері, еңселі әкімшілік ғимараттары, гүлзарлары мен фонтандары, әсем монументтері мен сәулет ескерткіштері бар бүгінгі Астана көз алдымда күн сайын өзінің керемет сымбатымен құлпырып келеді. Сәулеттік пішінінің әсемдігі мен сән-салтанаты жағынан көп ұзамай әлемнің көптеген астанасынан кем түспейтіні айдан анық. Осының дәлелі ретінде, Елордамыздың қонақтарының пікірін айтып кеткен жөн «Астана, бір жағынан, жаңа Қазақстанның мақтанышы, екінші жағынан – ұлттық идеяны орнықтырудың және елді біріктірудің нышанына айналды». Астана- бейне

қауыз жарып келе жатқан көп гүлді, мол жапырақты өсімдік тәрізді, байтақ Сарыарқа төсіндегі жеке- дара жап-жасыл жазира.

Осы ретте Астананың символына айналып отырған «Бәйтерек» туралы сөз қозғамау мүмкін емес. Бәйтеректің биіктігі тура 97 метр. Бұл елдің ордасы Алматыдан Астанаға көшіп келген жылдың соңғы цифрына, 1997 ж. сәйкес келеді. Біздің « Бәйтерегіміздің » аса бірегей болып табылатынын және әлемде бұған ұқсас объекті жоқ екендігін атап көрсетуге болады. Осы Бәйтерек қазіргі таңда Астананың символына айналды. Көптеген қала қонақтары мен туристері осы Бәйтеректі көру үшін алыстан ат терлетіп келеді. Астана бейнесінен шетелдіктер Қазақстан халқының кім екендігін, олардың тұрмыс жағдайларын, салт-дәстүрлерін көреді.

Енді Астана жас та болғанымен, еңсесі биік, тұғыры асқақ көркем қала. Осы Астананың болашағы зор екендігіне, оның көптеген жетістіктерге жететіндігіне толық сенімдемін.

Еліміздің қазіргі таңдағы қуанышы - Қазақстанның Еуропадаға қоғамдастық және ынтымақтастық ұйымына төраға болуында. Бұл, әрине, халқымыздың, елбасымыздың үлкен жетістігі. Осының бәрі тағы да президенттің қажырлы еңбегінің нәтижесі деп түсінемін. Елбасымыздың дана саясатының арқасында Қазақстан ілгері басып, басқа елдерге үлгі болатындай дәрежеге жетті. Осындай мақтан ететін елім, жерім бар. Елдің басында тұрған дана елбасшымыз бар болғанына Аллаға тәубе етемін.

Осы ретте бірде шет ел қонақтарының бірі Қазақстанның Астанасымен танысқаннан кейін таңданып: «Сіздердің осындай президентпен жолдарыңыз болған екен», - деген пікір айтты. Бірақ ол кісінің айтқан сөзінің түпкі мағынасы нақты болмаған сияқты. Өйткені «жолы болды» деген сөз «кездейсоқ» мағынасын береді. Ал тарихта «кездейсоқ» жағдай мүлде болмайды. Өйткені халық және оның көшбасшысы тарих айнасында бірдей көрініс алады.

«Астананың гүлденуі – Қазақстанның гүлденуі», - деген Президенттің сөзі бар. Расымен де, Астана Қазақстанның бетке ұстар қаласы, елордасы. Сондықтан да әрбір көкірегі ояу, елінің патриоты, жүрегі елім деп соққан әрбір саналы азаматтары Астананың дамуына, көркеюіне өз үлесін, өз жанының бір бөлшегін салса деймін. Астана – Еуразия жүрегі. Астана – қазақ халқының, Қазақстан халқының айнадағы айқын көрінісі. Барлық мүсіндер мен күмбездер ұлттық нақыштың көрінісі. Астана келбеті – ұлт келбеті, халық мерейі. Астананың болашағы – еліміздің болашағы. Менде туған

[Введите текст]

мекенім қазақ жеріне, қазақ еліне және Елордамыздың дамуына өз үлесімді қоссам деймін. Тәуелсіз елімнің саналы азаматшасы болсам деймін. Осындай тәуелсіз елдің перзенті болғаныма шексіз қуанамын, мақтан тұтамын! Болашақта да еліміздің, халқымыздың, еліміздің жүрегі Астананың жетістіктерін, бағындырған белестерін көруге Алла өзі нәсіп етсін!

Елімнің Астанасы самғай берсін, шарықтап асулардан өте берсін!

Ару, әсем, көріктісің Астанам,
Жанға шуақ беретін жан Астанам.
Көркінменен сен тартасың әрқашан,
Өмірге шуақ сыйлап, Ақ Ордам!

Жас та болсаң сен мені тәнті қылдың,
Тәнті қылдың, мені сен таң қалдырдың,
Таң қалдырдың сонымен бағындырдың,
Бағындырдың, өзіңе табындырдың.

Келеді көргім сені тек биіктерден,
Асулардан өткен тек жеңістермен,
Бар тілерім, тілегім осы өмірден,
Астана, гүлдей жайна халқыңменен!